


Азаматтық қоғам үні



2-бет

Өмірінің өзегі – өжеттілік



4-бет

Алдарға тағы алданып қалдық па?



8-бет

ҚҰРМЕТ

Балуандардың бағына туған бапкер

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы әрі ұстаз Диханбай Биткөзөвтің есімі қазақ спортының тарихында айрықша құрметпен аталады. Өмірінің тұтас бір бөлігін шәкірттеріне арнаған ардақты бапкер – еңбегінің нәтижесінде 200-ден астам КСРО және Қазақстан спорт шеберін, 20-дан астам халықаралық дәрежедегі спорт шеберін тәрбиелеп шығарған тұлға. Быыл қазақ күресінің қара нары 85 жасқа толып отыр. Осы айтулы мерейтойға орай Қарағанды төрінде қазақ күресінен ересектер арасында «Сарыарқа батырлары» атты Азия кубогы өтті. Даланың рухын, ердің намысын арқау еткен дүбірлі додаға жеті елден 200-ден астам спортшы қатысып, өзара күш сынасты. Турнирдің ашылу салтанатына Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, спортшыларға жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар, туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің ұлттық спорт түрлері басқармасының басшысы Жандос Максұтұлы да сөз сөйлеп, министр Ербол Мырзабосыновтың құттықтауын жеткізді.



Өңір басшысы өз сөзінде қазақ күресінің Қазақстандағы ең танымал ұлттық спорт түрінің бірі екенін атап өтті. Әрі Қарағанды облысында күрестің бұл түрімен

мыңдаған бала мен жасөспірім шұғылданыпты баса айтты. – Қарағандылық балуандар республикалық және халықаралық жарыстарда табысты өнер көрсетуде. Біздің спортшылар өз шеберліктерін көрсетіп, жоғары нәтижелерге қол жеткізетініне сенімдімін. Мұндай жарыстар спортты дамытуда маңызды рөл атқарады. Өске-

лең ұрпақты ұлттық дәстүрлермен, белсенді өмір салтының құндылықтарымен таныстыруға, адал, бәсекеге қабілетті, күреске құрметпен қарауға тәрбиелеуге ықпал етеді. Спорттық байланыстарды нығайтып, достық қарым-қатынасқа да әсер етеді. Турнирдің жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтетініне, оның қатысушылары үшін маңызды оқиғаға айналатынына, қызықты жекпе-жектермен есте қалатынына сенімдімін, – деді аймақ басшысы.

Сонымен қатар, Жандос Максұтұлы да ардагер жайында жылы лебізін білдіріп, құрмет көрсетті. – Ұлттық спортымыздың дамуына өлшеусіз үлес қосқан құрметті тұлға Диханбай Дұржанұлы ағамызды мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Бұл – жай ғана турнир емес, достық пен бауырластықты, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін тағалымы терең, маңызы зор іс-шара. Ұлттық спорт – халқымыздың тарихы мен рухының айнасы. Сондықтан, мұндай игі бастамалар өскелең ұрпаққа өнеге болып, олардың бойында елдік сана мен рухты қалыптастыруға қызмет етеді. Сонымен қатар, ұлттық спортты кеңінен насихаттап, саламатты өмір салтын ұстануға үндейді. Диханбай ағамыз – ұлттық спорттың дамуына сүбелі үлес қосып, артында өшпес өнеге қалдырған бірегей тұлға.

➤ 8-бет

РЕСМИ

Онлайн-құрбан оңтайлы мүмкіндік

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Құрбан айт қарсаңында құрбан шалу рәсімін онлайн форматта өткізуге арналған qurban.muftayat.kz сайтына іске қосты. Енді тұрғындар құрбандық шалуды офлайн және онлайн түрде жүзеге асыра алады.

Сайт арқылы азаматтар құрбандық малын таңдап, төлемді Kaspi QR арқылы жасай алады. Қой мен ешкіні жеке адам шалса, ірі қара мен түйені бір немесе жеті адам бірігіп шалуға мүмкіндік бар. Тапсырыс рәсімделгеннен кейін пайдаланушының телефонына SMS хабарлама келеді. Ал, құрбандық шалынған соң фото және бейне есеп жіберіледі. Бастама әсіресе үлкен қалаларда тұратын жамағат үшін қолайлы болмақ. ҚМДБ барша қазақстандықтарды Құрбан айт күндері жүзеге асатын қайырымдылық акциясына үлес қосуға шақырды.

Онлайн құрбан шалу қызметі еліміздің кез келген өңіріндегі азаматтарға діни рәсімді жеңіл әрі ыңғайлы түрде орындауға мүмкіндік береді. Бұл – әсіресе, уақыт тапшылығы бар, арнайы қасапханаға бара алмайтын немесе шетелде жүрген қазақстандықтар үшін тиімді шешім. Сайтта әрбір тапсырыс толықтай тіркеліп, құрбандықтың шарғат талаптарына сай орындауы қамтамасыз етіледі.

Өз тілшімізден

Маман тапшылығы мәселеге айналды

Мемлекет басшысы Республикалық педагогтер съезінде «Педагог – ұлттың жана сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Сондықтан білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен толық қамтамасыз ету өте маңызды. Алайда қазір мектептерімізде мамандар тапшы. Бүгінде елімізде 5 мың педагог жетіспейді. Бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып келеді. Ал педагогика саласында оқыған әрбір бесінші түлек өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Бұған қоса мұғалімдердің 23 пайызында ғана жоғары біліктілік санаты бар. Мұның бәрі педагогтерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру тәсілдерін түбегейлі өзгертуді қажет етеді» деп атап өтті.

Соңғы жылдары Қазақстанда мұғалім мәртебесін көтеруге бағытталған реформалар қолға алынды. Жалақы өсіп, жана мектептер бой көтеріп, жас маманға демеу беретін бағдарламалар енгізілуде. Дегенмен, Қарағанды облысында математика, физика, информатика және ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдері тапшы.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірде 524 бос жұмыс орны тіркелген

Облыстың білім басқармасының мәліметінше, бүгінде өңірдің білім беру ұйымдарында 24 мыңнан астам педагог жұмыс істейді. Оның ішінде, мектептерде шамамен 17-18 мың мұғалім еңбек етеді. Жыл сайын жүйеге 600-ге жуық жас келетінін ескерсек, бұл сандар да маман тапшылығын толық жабуға жетпейді.

Оқу-ағарту министрлігінің дерегінше, елімізде педагогтерге жалпы қажеттілік 5 370 адамды құрайды. Маман тапшылығы, әсіресе, Алматы, Қарағанды, Қостанай облыстарында жоғары. Деректер математика

пәні мұғаліміне тапшылық байқалғанын алға тартып отыр. Елдегі мектептерге 747 бастауыш сынып мұғалімдері, физика пәнінің 383 мұғалімі мен химия пәнінен білім беретін 345 педагог қажет.

2026 жылғы деректер өңірде 524 педагогтің орны бос тұрғанын айтады. Кадр тапшылығы, ең алдымен, жаратылыстану-математика бағытында байқалды. Одан кейін математика, физика, химия, ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті және орыс сыныптарына арналған бастауыш мұғалімдері жетіспейді. Ал, қазақ тілі, тарих және дене шынықтыру пәндері бойынша мамандар саны салыстырмалы түрде көп.

Білім саласындағы сарапшылардың айтуынша, математика мен информатика бағытындағы білікті түлектердің көбі



мектепке бармайды. Олар IT, өндіріс, банк немесе жеке секторды таңдайды. Себебі ол жақта табыс жоғары. Қарағандылық жас мұғалім Аяжан Сейітованың айтуынша, педагогикалық университетті бітірген түлектердің басым көпшілігі мектепте жұмыс істеуді құп көрмейді.

– Университетте бір топта 25 адам оқыдық. Соның ішінде мектепке нақты жұмысқа тұрғаны 8-9 адам ғана. Қалғандары басқа салаға кетті. Кейбірі репетитор болды. Себебі мектептегі жүктеме ауыр, қағаз жұмысы көп, – дейді жас маман.

Облыстағы кадр тапшылығы мәселесін шешу үшін соңғы жылдары педагогикалық мамандықтарға жергілікті гранттар бөліне бастады. Соңғы үш жылда жүзге жуық студент арнайы грантпен оқыған. Қазіргі таңда мемлекет ауыл мұғалімдерін қолдау үшін бірнеше бағдарлама ұсынып отыр.

Ауыл мұғалімдерінің орташа жалақысы – 435 мың теңге

Қазақстанда соңғы жылдары педагогтердің жалақысы өсті. Қарағанды облысында да мұғалімдердің орташа айлығы артқан.

➤ 2-бет

Азаматтық қоғам үні

Облыста азаматтық қоғам институттарын қолдау мен әлеуметтік бастамаларды іске асыру биыл да жалғасады. Өңірде үкіметтік емес ұйымдарды қолдауға және әлеуметтік маңызы бар жобаларға шамамен 3 миллиард теңге бөлу жоспарланған. Бұл көрсеткіш былтырмен салыстырғанда 24 пайызға артық.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденейдің төрағалығымен өткен үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес отырысында мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты тиімді жүзеге асыру, қоғамдық ұйымдармен серіктестікті нығайту, халықты толғандырған әлеуметтік мәселелерді шешу тетіктері қарастырылды.

Кеңес отырысында ерекше қажеттілігі бар азаматтарға көрсетілетін қызмет сапасын көтеруге көңіл бөлінді. Инватаксидің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру да назарға алынды. Отбасын қолдау орталықтарының жұмысын жетілдіру, әлеуметтік бағдарламаларға қатысушыларды тұрақты жұмыспен қамту да талқыланды. Қоғамдық ұйымдарды әлеуметтік түйткілдерді шешуге кеңінен тарту бастамалары сөз болды.

Теміртау, Шахтинск және Саран қалалары әкімдерінің орынбасарлары мен бірқатар басқарма басшылары есеп беріп, алдағы жоспарларымен бөлісті. Әлеуметтік жобалардың аясын кеңейту, халықпен кері байланысты күшейту және азаматтардың сұранысына бейімделген жаңа бастамаларды іске асыру мәселелеріне тоқталды. Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

болған «Таза Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясындағы жаңа жобалар жөнінде баяндады.

Жалпы, өңірде жастар саясатын қолдау, жас журналистерді ынталандыру, мемлекеттік рәміздердің қоғамдағы ролін күшейту жалғасып келеді. Инклюзивті спортты дамыту және ерекше қажеттілігі бар азаматтарды әлеуметтік бейімдеу де назарда. Бұл бастамалар азаматтардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына, әлеуметтік ортадағы теңдікті нығайтуға ықпал етеді.

Отырыс қорытындысында мемлекеттік органдар мен жергілікті әкімдіктерге нақты тапсырмалар жүктелді.

Азаматтық сектор өкілдерімен өзара ықпалдастықты күшейтіп, халықтың сұранысына сай жаңа әлеуметтік жобаларды әзірлеу қажеттігі айтылды.

Үкіметтік емес ұйымдарды қолдауға бөлінетін қаржы көлемінің артуы өңірдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге тың серпін бермек. Бұл өз кезегінде халықтың әл-ауқатын жақсарту отырып, азаматтық қоғамды белсенді етіп, қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайтуға мүмкіндік береді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жолға да жанашырлық керек

Облыс аумағында жергілікті маңызды автомобиль жолдарын сақтау мақсатында жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындарға бақылау күшейтілді. Соңғы уақытта ауыр жүк көліктерінің белгіленген салмақ нормаларын сақтамауынан жол жамылғысының бұзылуы жиілеп, инфрақұрылымға айтарлықтай зиян келтіріп отыр.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осыған байланысты өңірде талаптарды және жауапкершілікті қатаңдатуда нақты шаралар қабылданды.

Бұл мәселе облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен кеңесте кеңінен қаралды. Аймақ басшысы жолда салмақ шектеулерінің сақталуы техникалық талап екенін әрі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды факторы екенін атап өтті.

– Өсіресе, бұл мәселе жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты өзара болып тұр. Карьерлерден шамадан тыс жүктеген ауыр жүк көліктері жол жамылғысын бұзып, экономикалық шығын келтіріп, жол қозғалысына қауіп төндірде. Сондықтан, қатаң әрі ашық тәртіп орнатылуы керек, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиевтің мәліметінше, облыс аумағында кең таралған пайдалы қазбаларды өндірумен айналысатын 60-қа жуық жер қойнауын пайдаланушы тіркелген. Қазіргі таңда олардың қызметіне мониторинг жасалып, салмақ бақылауын күшейту мақсатында кәсіпорындарды паспорттау жүргізілуде.

Тексеру нәтижелері бірқатар

кәсіпорында жағдайдың алаңдатарлық екенін көрсетті. Атап айтқанда, карьерлердің шамамен 75 пайызында жүк көліктерінің салмағын өлшейтін таразы мүлде орнатылмаған. Бұл талаптардың сақталмауына себеп болып отыр.

Сонымен бірге, мониторинг кезінде лицензиялық-келісімшарттық міндеттемелерді орындамаған бірқатар жер қойнауын пайдаланушылар анықталды. Бүгінге дейін тоғыз кәсіпорынға ресми хабарлама жолданып, олардың ішінде, жетегінде таразы жабдықтарының жоқтығы тіркелген. Осыған орай келісімшарттарды бұзу және лицензияларды кері қайтарып алу қарастырылуда.

Кеңесте заңбұзушылықтар анықталған кәсіпорындардың тізімі де жария етілді. Олардың қатарында «Тегіз Жол», GMK KZ, СП «Сине Мидас Строй», «МАТ-Сарыарқа», «КамКар», «Atlant 2020» және ГИМАРАТ-М компаниялары бар.

Уәкілетті органдарға анықталған бұзушылықтарды жою үшін белгілі бір мерзім берілді. Егер талаптар белгіленген уақыт ішінде орындалмаса, тиісті әкімшілік, құқықтық шаралар қабылданыны ескертілді.

Облыс әкімі карьерлерде таразы жабдықтарын орнатуды қатаң бақылауда ұстап, қадағалауды үздіксіз жалғастыруды тапсырды.

• ӨЗЕКТІ

Баға – бақылауда

Облыста әлеуметтік маңызы бар азықтүлік өнімдерінің бағасына бақылау күшейтілді. Жыл басынан бері өңірде 81 бизнес субъектісі тексеріліп, 73 кәсіпкер әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Салынған айыппұлдардың жалпы көлемі 2 миллион теңгеден асты. Мамандар бағаны негізсіз көтеру мен делдалдық схемалардың жолын кесу алдағы уақытта да жалғасатынын мәлімдеді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда тексеру жұмыстары Қарағанды қаласындағы «Шығыс», «Самал» және «Алтын Арба» базарларында жүргізілуде. Рейд барысында сауда және саалық заңнамаларын бұзу фактілері анықталып, 21 кәсіпкерге қатысты әкімшілік шара қолданылған. Сондай-ақ, заңбұзушылықтарды жою

туралы нұсқамалар берілді.

Айта кету керек, бұл жұмыстар Премьер-Министр Олжас Бектенов тапсырмасы аясында қолға алынған. Бұған дейін өңірде азықтүлік бағасының қалыптасуы тізбегін зерттеген арнайы комиссия жұмыс істеп, бағаны негізсіз өсіретін делдалдық схемаларды анықтаған болатын.

Мамандардың айтуынша, қазіргі тексерулер сол жұмыстың

занды жалғасы. Негізгі мақсат – баға қалыптастыру жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету және тұтынушылардың құқығын қорғау.

Өсіресе әлеуметтік маңызы бар азықтүлік бағасының негізсіз қымбаттауы халықтың күнделікті тұрмысына тікелей әсер етеді. Сондықтан, уәкілетті органдар нарықтағы жағдайды тұрақты бақылауда ұстап отыр.

Өңірде тек көтерме жеткізушілер ғана емес, супермаркеттер мен шағын дүкендер де тексерілуде. Құзырлы органдар «Сауда қызметін реттеу туралы» Заң талаптары нарықтың барлық қатысушылары үшін бірдей міндетті екенін еске салды.

Мамандардың мәліметінше, әлеуметтік азықтүлік бағасына бақылау алдағы уақытта да жалғасады. Негізгі міндет – бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу және нарықтағы ашықтықты қамтамасыз ету.

Мамандардың айтуынша, мұндай бақылау шаралары ең алдымен әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға бағытталған. Себебі күнделікті тұтынатын азықтүлік бағасының күрт өсуі халықтың тұрмысына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты өңірде бағаны тұрақтандыру, делдалдық тізбектерді қысқарту және сауда саласындағы ашықтықты қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар кезек-кезеңімен жалғасады.

Маман тапшылығы мәселеге айналды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Облыстық білім басқармасының мәліметінше, 2025 жылы қала мұғалімдерінің орташа жалақысы шамамен 352 мың теңгені құраса, ауыл мұғалімдерінің орташа жалақысы 435 мың теңгеге дейін жетті. Ауыл мұғалімдерінің жалақысының жоғары болуы түрлі үстемалықтар мен әлеуметтік қолдау нәтижесінде екенін ескерген де жөн.

Бірақ, мұғалімдер ауылда тұру үшін тек жалақы мәселесі емес, әлеуметтік жағдай да маңызды екенін айтады. Ақтоғай ауданындағы дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сұлтан Сәбиттің айтуынша, мектепте жастардың көбі тұрақтамайды.

– Қазір жастардың талабы басқа. Олар тек айлыққа қарамайды. Пәтермен қатар, даму үшін жаңа мүмкіндік керек. Кей мектептерде жас мұғалімдерге тәлімгерлік әлсіз, яғни, аға буын ұстаздардан адамгершілік қолдау жоқ. Соның кесірінен оқу орнын бітірген жас маман бір жылдан кейін кетіп қалады, – дейді ол.

Қарағанды облысы білім басқармасының мәліметінше, өңірде мұғалімдердің басым бөлігі – әйелдер. Мектептерде 17 708 педагог болса, оның 15 262-сі әйел, 2 446-сы ер адам. Оған қоса өңірде 3 441 мұғалімнің еңбек өтілі 30 жылдан асып кеткен. Бұл

тәжірибелі кадрлардың көп екенін көрсеткенмен, бір жағынан жүйенің «қартаю» мәселесін де байқатады. Алдағы уақытта зейнетке кететін мұғалімдер көбейеді. Бұл маман тапшылығы мәселесін одан әрі күшейтуі мүмкін.

Жаңа жоба да жарылқамай тұр

Жастармен әңгімеден кейін түйгеніміз, қазіргі таңда педагогикалық оқу орнын бітіргендердің басым көпшілігі мектепте қалмайды. Бірі репетиторлыққа кетсе, енді бірі мүлде басқа саланы таңдайды. Жастар мұның себебін құжат жұмыстарының шамадан тыс көптігімен әрі ата-ана және мұғалім арасындағы келіспеушілікпен байланыстырады. Қоғамдағы мұғалімге деген жағымсыз көзқарастың да әсері бар. Қарағандылық ұстаз Жанар Әбдірахманованың сөзінше, мұғалімге көрсетілетін құрмет бұрынғыдай емес.

– Мұғалім тек сабақ бермейді. Ол психолог, тәрбиеші, әлеуметтік қызметкер сияқты жұмыс істейді. Бірақ, қоғам кейде мұны бағаламайды, – дейді ол.

Соңғы жылдары өңірге жас маман тартудың жаңа жолдары қарастырылып жатыр. Мысалы, Teach for Qazaqstan жобасы арқылы басқа саладан келген ма-



Суретті түсірген Ақсаулар МАРШЕНКО

мандар қайта даярланып, мектепке жұмысқа орналасуда. Өткен жылы бағдарлама арқылы 33 адам педагогика саласына, мұғалімдікке келген. Бұл – кадр тапшылығын уақытша азайтудың бір жолы. Дегенмен, сарапшылар әлі де жүйелі өзгеріс керек екенін алға тартады. Өзге елдің тәжірибесіне сүйену арқылы жастардың білім саласына қызығушылығын аттыру – күн тәртібінде.

«Тәлімгер мұғалім» жүйесі керек

Сарапшылардың айтуынша, көптеген жас маман алғашқы екі жылда жұмыстан кетеді. Себебі, тәжірибе мен психологиялық қолдау жетіспейді. Осыған байланысты бірқатар елдерде «тәлімгер мұғалім» жүйесі енгізілген. Мысалы, Финляндия мен Сингапурда жас педагогке алғашқы жылдары арнайы тәлімгер бекітіледі.

Ол құжаттан бастап, ата-анамен жұмысқа дейін көмектеседі. Оңтүстік Кореяда шалғай аймақта жұмыс істейтін мұғалімдерге жоғары жалақы, тұрғын үй-коммуналдық жеңілдік, қосымша демалыс беріледі. Еуропа елдерінде ауыл мектебінде бірнеше жыл жұмыс істеген педагогке ипотекалық жеңілдік ұсынылады.

Қазақстанда «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы арқылы жас

мамандарға көтерме жәрдемақы мен тұрғын үй үшін жеңілдетілген несие беріле бастады. Мәселен, бағдарлама аясында 2024 жылы Нұра ауданына 40 жас маман келген. Оларға шамамен 400 мың теңге көлемінде бір реттік көмек және 8 млн теңгеге дейін тұрғын үй несиесі ұсынылды. Сонымен қатар, облыста жас педагогтерге қызметтік пәтер беру тәжірибесі де бар. Өткен жылы ауылдық жерлерге барған мамандарға 24 қызметтік баспана берілді.

Осылайша соңғы жылдары мемлекет педагог мәртебесін арттыруға бағытталған реформаларды күшейтті. Бірақ, аттестация тәртібіне сай санат көтеру үшін қосымша құжаттар талап ету – педагогке қосымша күрделі жүктеме түсіргені болмаса...

Өндірісті өлке үшін математиктер мен физиктердің тапшылығы – үлкен мәселе. Себебі, зауыт пен технология дамыған сайын дәл есепке, техникалық білімге сүйенетін маманға сұраныс артады. Бір кезегі мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, «Ғасыр адамы» атанып, әлемге танылған Теміргали Көкетаевтай ұстаздар шыққан өңірден енді сондай физиктер шыға ма?

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қабілет жеңбес қамал жоқ

«Жұмыс істеймін» дегенге екі қолға бір күрек табылатыны анық. Тіпті, қолыңызда «жұмысқа жарамсыз» деген медициналық құжат болса да, бұл қоғамнан шет қалдыңыз деген сөз емес. Бүгінде мемлекет тарапынан мүгедектігі бар азаматтарды қолдауға бағытталған нақты тетіктер қалыптасқан. Соның бірі – өңірлердегі Мансап орталықтары. Олар тұрақты бос жұмыс орындарын ұсынып, арнайы бағдарламалар арқылы мүмкіндігі шектеулі жандарды еңбекке тартуға ықпал етіп келеді. Осыған қарап-ақ мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамға бейімдеуді олардың еңбекке араласуына мемлекет тарапынан қолдауды аңғаруға болады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ігі бағдарламалар саны артып келеді

Қарағанды облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығы директорының орынбасары Дәурен Қошқаралиев Мансап орталықтарында «Арнайы жұмыс орны» бөлімі барын атап өтті. Бұл бөлімге тек жұмыс іздеушілер ғана емес, жұмыс берушілер де өз өтінімдерін жолдай алатын көрінеді. Яғни, мекемелер мен кәсіпорындар қажетті маман санын көрсетіп, бос жұмыс орындарына сұраныс бере алады екен.

– Өтініште жеке кәсіпкер кәсібінің қандай бағытта екені, кімді жұмысқа қабылдай алатыны жайында толық ақпарат қалдырады. Біз сол өтініштерді қарап, жұмыс іздеп жүрген мүгедектігі бар азаматтарды тұрғызамыз. Бағдарлама аясында Мансап орталығы жұмыс берушімен үш жылдық келісімшарт жасайды. Бірінші жылы қызметкер жалақысының 70 пайызын мемлекет субсидияласа, қалған бөлігін жұмыс беруші төлейді. Алайда, мемлекеттік қолдау көлемі 30 АЕК-тен аспауы тиіс. Екінші жылы Үкімет жалақының 65 пайызын, үшінші жылы 60 пайызын өтейді. Үш жылдық мерзім аяқталған соң жұмыс беруші қызметкерді тұрақты негізде өз қаражаты есебінен жұмысқа қалдыра алады. Бұл бастама мүгедектігі бар жандардың еңбек нарығында тұрақтап, кәсіби тәжірибе жинауына мүмкіндік беріледі, – деді Дәурен Исканұлы.

Дәурен Қошқаралиев биыл да мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту көрсеткіші жоғары болатынын атап өтті. Себебі, мемлекет тарапынан қолға алынған бағдарламалар жыл сайын артып, қолдау тетіктерінің кеңейгенін баса айтты. Сонымен қатар, ерекше қажеттілігі бар азаматтарды жұмысқа қабылдауға ниетті жұмыс берушілер қатары да жылдан-жылға молайғанын алға тартты.

Мүмкіндік берген кәсіпкер

Кәсіпкер Мақпал Шәріпова Мансап орталығы арқылы жұмыс беруші ретінде өтінім беріп, мүмкіндігі шектеулі екі азаматты тұрақты жұмыспен қамтыған. Оның айтуынша, «Айсұлтан» жеке кәсіпкерлігіне қарасты массаж салонының ашылғанына небәрі бір ай ғана болған. Соған қарамастан, қысқа уақыт ішінде тұрақты клиенттер қалыптасып, қызмет көрсету аясы кеңейе бастапты.

– Өзім мүмкіндігі шектеулі жандарды көрсем, оларға көмектескім келіп тұрады. Қызметкерлерімді оқу ақысын өз қалтамнан шығарып, біліктілікті арттыру курстарына жіберіп алғанмын. Массаж салоны ашылғанына көп уақыт болмаса да, келушілер саны күн сайын көбейіп келеді. Қазіргі таңда түрлі диагнозбен дүниеге келетін балалар да көп. Оларға сапалы емдік массаж қажет. Осы қажеттілікті ескеріп, кәсібімізді бастаған едім. Қазір ересектер мен бір жасқа дейінгі балаларға қызмет көрсетеміз, – дейді кәсіпкер.

Аталған массаж салонына жұмысқа қабылданғандардың бірі – 54 жастағы



отбасы үшін напакасын осылай айыруды жөн көріпті.

– Осыдан үш жыл бұрын «салон ашамын» деген мақсатпен мемлекеттік грантка өз жобамды ұсынып көрген едім. Өкінішке қарай, құжаттарым толық болмай, өтпей қалды. Келесі жылы да қайта тапсырып көрдім. Тағы да сәтсіздік-

Данагүл Аманбаева. Көру қабілеті бұзылған II топтағы мүмкіндігі шектеулі жан. Негізі, Данагүл Ермұханқызы – медицина саласында білім алған білікті маман. Ол оқу орнын үздік тәмамдап, 1990 жылдан бастап денсаулық сақтау саласында еңбек еткен. Алайда, 2000 жылы денсаулығына байланысты негізгі жұмысынан кетуге мәжбүр болады. Осыдан бір ай бұрын Мансап орталығына келіп, жұмысқа тұруға өтініш қалдырған екен. Нәтижесінде, көп уақыт өтпей аталған массаж салонының маманы болып жұмысқа орналасады.

– Мансап орталығына алғым шексіз. Маған жұмыс тауып берді. Өзім «Yushengyu» аппаратымен жарық, протрузия, экстрюзия, коксартроз секілді диагнозы бар пациенттерге емдік массаж істеймін. «Биоэнергомассажер» аппараты арқылы да, вакуумдық бандалармен де массаж жасаймын. Сонымен бірге, тас терапиясы мен дарсонваль аппараты арқылы да түрлі массаж қызметін көрсетемін. Әр пациентпен жұмыс істеу барысында алдымен оның денсаулығын мұқият тексеремін. Ең әуелі қан қысымын өлшеп, кейін пациентпен жеке сөйлесу арқылы қарсы көрсетілгендердің бар-жоғын біліп аламын. Егер дәрігер тарапынан белгілі бір шектеулер болса, массаж түрі соған сәйкес таңдалады, – деді Данагүл Ермұханқызы.

Жұмыс та, мүмкіндік те бар

Ал, Жан Медетбеков 1 миллион 600 мың теңге көлемінде мемлекеттік грант иеленіп, сол қаражатқа сән салонын ашқан. Грант қаржысына қажетті құрал-жабдықтарын сатып алып, кәсібін бастаған жас кәсіпкер бүгінде тұрақты клиент қалыптастырып үлгеріпті.

Жан Медетбековтің Қарағандыға қоныс аударғанына биыл он жыл толып отыр. Кезінде Балқаш қаласындағы политехникалық колледжді қызыл дипломмен тәмамдап, 2015 жылы Балқаш мыс қорыту зауытына жұмысқа орналасқан.



Алайда, арада бір жыл өткенде денсаулығы сыр беріп, дәрігерлер оған «аралас бронх демікпесі» диагнозын қояды. Сөйтіп, дәрігерлер өндірістік орта оның денсаулығына кері әсер ететінін айтып, климат ауыстыруға кеңес берген. Осылайша, ол 2016 жылы Қарағандыға қоныс аударып, жаңа ортада түрлі салада еңбек етеді. Соған қарамастан, өзіне қолайлы кәсіп табуға талпынып, кейін мемлекет қолдауы арқылы жеке кәсібін бастауға мүмкіндік алған.

Арнайы курстарды оқып, кәсіби даярлықтан өткеннен кейін алғашқы клиенттерін үйінде қабылдай бастайды. Алайда, бастапқыда оңай бола қоймапты. Ер адамның маникюр жасайтынын естіген кейбір адамдар райынан қайтып, қызметтен бас тартқан жағдайлар да кездескен. Тіпті, «ерекке мұндай істің жараспайтынын» алға тартып, істі тоқтатуға кеңес берген ақсақалдар да болыпты. Десе де, Жан Сағатбекұлы өз дегенінен қайтпай,

ке ұшырадым. Былтыр құжаттарымды мұқият реттеп, қайта тапсырғанымда, грантка ие болдым. Бұдан кейін Мансап орталығына барып, мамандардан кеңес алдым. Ондағы мамандар бизнес-жоспарымдағы олқылықтарды көрсетіп, оны қайта құрастыруға көмектесті. Алдағы уақытта да Мансап орталығымен байланысымды үзбей, кәсіби кеңес алып отыруды жоспарлап отырмын. Ең басты мақсатым – салонымды кеңейтіп, өзге азаматтарға да жұмыс беріп, олардың да кәсіби дамуына үлес қосу, – деді ол.

Ресми деректерге сүйенсек, өңірде ерекше қажеттіліктері бар шамамен 55 мыңға жуық азамат тұрады екен. Олардың жартысына жуығы еңбекке қабілетті жас санатына жатады. Бүгінгі күнге дейін ресми түрде жұмыспен қамтылғандардың саны шамамен 12 мың адамды құрайды.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



«Отан отбасынан басталады»

Қазіргі қоғамда адамдар бұрынғыдан да көп сөйлеседі. Есесіне, бір-бірін тыңдау кем. Байланыс құралдары көп, жақындық аз. Тек бір институт қана мұндайда айнымайтын, ол – отбасы. Бала өмірдің не екенін алғаш отбасынан таниды. Мейірімді, құрметті, жауапкершілікті, кешірімді ең алдымен туған үйінен үйренеді. Сондықтан отбасы қандай болса, ертенгі қоғам да соның көшірмесіне айналмақ. Ал отбасы мейірімін бере алмағандар қаншама? Ол мейірімсіздік отбасындағы зорлық-зомбылықпен көрінеді бұл күні.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы арада Мұхтар Әуезовтің бұдан тура 99 жыл бұрын айтқаны еске түседі. «Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақтаты әйел халіне жалғасады. Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ мешел болып қалам демесең, тағлімінді, бесігінді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе!» деген. Қазіргі қазақ қоғамы түзей алды ма? Статистикалық деректер көңілді жабырқатады.

Отбасының шырқы бұзылса, оның зардабы бір әулетпен шектелмейтінін мына қоғам ұғатындай-ақ болды. Бірақ әлі де ес жинап жоқ. Тұрмыстық зорлық-зомбылық отбасы-ошақ қасында, жауырды жаба тоқитын проблема емес негізі. Бүгінде бұл бағыттағы жұмыстарды құқық қорғау органдары, қоғамдық ұйымдар, дағдарыс орталықтары, психологтар мен еріктілер де бірлесіп жүргізіп келеді. Қарағанды облысында да отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқықбұзушылықтардың алдын

алуға бағытталған жұмыстар күшейтілген.

2026 жылдың I сәуіріндегі статистикалық мәліметтерге сәйкес, отбасы-тұрмыстық қатынастарда жасалған қылмыстар саны 3,8 пайызға төмендеген. Өткен жылы 26 қылмыс тіркелсе, биыл бұл көрсеткіш 25-ке түскен. Қылмыстық кодекстің адам өлтіру, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, азаптау, зорлық сипатындағы әрекеттерге қатысты баптары бойынша да өзгерістер байқалады. Кейбір қылмыс түрлері азайғанымен, жекелеген баптар бойынша өсім де тіркелген. Бұл мәселенің әлі де өзекті екенін аңғартады. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар күшейтілген. Содан әкімшілік жауапкершілікке тартылған құқық бұзушылар саны 7,6 пайызға төмендеген. Жыл басынан бері 1481 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сонымен қатар, 2122 қорғау нұсқамасы шығарылып, ерекше талаптар 553 адамға белгіленген.

– Алайда, статистика аздығы оның ізі қайым жоғалғанын көрсетпейді. Мұның сыртында үнсіз қалатын зорлық қаншама?!

Сондықтан да өңірде мемлекеттік органдар мен үкіметтік

емес ұйымдардың өзара байланысы күшейіп келеді. Бүгінде әйелдер мен балаларға қатысты құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында 13 үкіметтік емес ұйым және құқық қорғау бағытындағы қоғамдық бірлестіктермен бірлескен жұмыстар жолға қойылған. Оның ішінде, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған 6 дағдарыс орталығы жұмыс істейді.

Қарағанды, Теміртау қалаларындағы отбасыға көмек көрсету орталықтары, «Мой дом», «Ана үйі – Дом мамы», «Мир добра» секілді ұйымдар қиын жағдайға тап болған жандарға пана болып отыр. Жыл басынан бері сенім телефондарына 351-ден астам адам хабарласқан. Тікелей көмек сұрап келген 11 әйел дағдарыс орталықтарына орналастырылып, жалпы 20 адам, оның ішінде, 9 бала қауіпсіз жерге жеткізілген, – дейді облыстық полиция департаментінің жанындағы Отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығының жетекшісі Гүлбану Сәтбаева-Алпысбаева. Мұнда психологтар қолдау көрсетеді, заңгерлер кеңес береді, медиаторлар отбасындағы дауды ұшықтырмай шешуге көмектеседі.

Соның жылдары Қарағанды облысында тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес жаңа деңгейге шықты. Соның бірі – 2023 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Бірыңғай отбасына көмек көрсету орталығы. Бұл орталық полиция департаментінің бастамасымен және облыс әкімдігінің қолдауымен ашылған. Жыл



«Ел болам десең, бесігінді түзе!» Мұхтар Әуезов

басынан бері орталыққа 1358 адам жүгінген. Оның ішінде 32 өтініш ресми тіркеліп, 86 адамға психологиялық кеңес берілген. Заңгерлік көмек 93 адамға көрсетілсе, медиатор көмегіне 42 адам жүгінген. Сонымен қатар қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға құжат рәсімдеу, жұмысқа орналастыру, алимент өндіру мәселелерінде нақты қолдау көрсетілген. Әсіресе, алимент өндіру мәселесі қоғамдағы өзекті проблеманың бірі болып тұр. Орталыққа жүгінген 1052 азаматтың өтініші бойынша жалпы көлемі 196 миллион теңге алимент өндірілген.

Қазақ отбасы мәселесіне ешқашан жеңіл қарамаған. Себебі ұлттың мінезі де, тәрбиесі де шаңырақтан бастау алатыны мәлім. Байырғы қазақ үйінде балаға тек ата-ана емес, тұтас әулет жауапты болған. Әженің әңгімесі, атаның батасы, ананың мейірімі, екенің тәртібі, бәрі қосылып тұрға қалыптастырған.

Бүгінде қоғам өзгерді. Уақыт жылдам. Адамдардың өмір сүру форматы да тым-тым басқа. Бірақ адамға керек негізгі құндылықтар өзгермегенін есте сақтау ләзім. Қазір де адам тәсілістік, қамқорлық, сенім, жылулыққа зәру. Мұ-

ның бәрін өтеусіз тек отбасы ғана бере алады екен.

Өкінішке қарай, соңғы жылдары қоғамда отбасы мәселесі жиі талқыланатын болды. Ажырасу көбейді, адамдар арасындағы эмоционалдық байланыс әлсіреді.

Қазақ қоғамында «Отан – отбасынан басталады» деген сөз бекер айтылмаған. Себебі, мемлекет те отбасылардан құралады. Сондықтан, отбасы құндылығын сақтау – болашақты сақтап қалудың ең төте жолы.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БОЧЧА

Өмірінің өзегі – өжеттілік

Қарағандыда ерекше рух пен жігерге толы алғаш рет облыстық «SARYARQA BOCCIA» ашық турнирі өтуде. Паралимпиадалық бочча спортының бұл бәсекесіне еліміздің 10 өңірінен 70-тен астам спортшы қатысып, шеберлік пен төзімділіктің үлгісін көрсетуде. Турнир – ерекше қажеттілігі бар жандардың қоғамдағы белсенділігін айқындайтын, инклюзивті спорттың маңызын насихаттайтын маңызды алаң. Үш күнге жалғасқан жарыста қатысушылар тәжірибе алмасып, ұлттық құрамаға іріктеледі. Ал, ұйымдастырушылардың айтуынша, «SARYARQA BOCCIA» енді дәстүрлі турнирге айналады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Қамқорлықта қолдау бар

Айтулы жарыстың негізгі мақсаты – инклюзивті спортты дамыту, ерекше қажеттілігі бар жандарға қолдау көрсету және бочча спортының кеңінен насихаттау. Сонымен қатар, турнир спортшылар арасында тәжірибе алмасуға мүмкіндік беріп, Қарағанды облысы құрамасының да кәсіби шеберлігін шыңдауға жол ашады.

– Баршаныңды Сарыарқа топырағында қарсы алғанмызға қуаныштымыз. Бочча – спорт қана емес, ол – батылдық пен табандылықтың көрінісі. Сіздер өз жетістіктеріңізбен көпшілікке шабыт беріп, кез келген қиындықты еңсеруге болатынын дәлелдеп келесіздер. Аймақтық, республикалық және халықаралық жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп жүрсіздер. Бүгінгі жарыста баршаныңа әділ ойын, тартысты бәсеке және жеңіс тілеймін, – деді турнирдің ашылу салтанатында облыстық мәслихаттың төрағасы, Қарағанды облыстық бочча федерациясының президенті Нұркен Кобжанов.

Турнирде Астана қаласы мен Абай, Маңғыстау, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Ұлытау облыстарынан келген спортшылар бәсекеге түседі.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы Нұркен Нұратов тең мүмкіндіктер қоғамын қалыптастырудың маңызын атады. Осы арада бочча инклюзия мәдениетін дамытудың, бірлік пен өзара қолдауды нығайтудың жарқын үлгісіне айналып отыр.

– Бүгінде облыста бочча дамып, оған балалар мен ересектердің қызығушылығы мол. Мұндай турнирлер ерекше жандардың қоғамға араласуына және жаңа мүмкіндіктерге серпін береді, – деді Нұркен Нұратов.

Жігерді жанытын бәсеке

Бочча – тірек-қимыл аппараты ауыр зақымданған жандарға бейімделген паралимпиадалық спорт түрі. Бұл спортпен

сал ауруына шалдыққан адамдармен қатар, жұлын-бұлшықет атрофиясы, миопатия, артрогрипоз және мойын омыртқасындағы жаракаттары бар спортшылар да айналыса алады. Бочча 1984 жылдан бері Жазғы Паралимпиада ойындарының бағдарламасына енгізілген.

– Мұндай ауқымдағы турнир алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Бұл дәстүрге айналады. Осындай бәсекелер параспортшыларға тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Одан бөлек, облыс құрамасы мен ұлттық құраманы жасақтауға ықпал етеді. Турнир халықаралық ережелерге сәйкес BC1, BC2, BC3, BC4 және BC5 санаттары бойынша өткізілуде, – деді турнирдің бас төрешісі Гауһар Әкіжанова.

Бочча жоғары қолжетімділігі мен әлеуметтік маңызына орай әлемде кеңінен таныла түсуде. Ойынның негізгі мақсаты



Бочча жоғары қолжетімділігі мен әлеуметтік маңызына орай әлемде кеңінен таныла түсуде. Ойынның негізгі мақсаты – түрлі-түсті доптарды ақ түсті нысана допқа, яғни, «джек-болға» барынша дәл жақындату.

– түрлі-түсті доптарды ақ түсті нысана допқа, яғни, «джек-болға» барынша дәл жақындату.

Жарыс арнайы 12,5x6 метрлік алаңда өтеді. Қатысушылар алты қызыл, алты көк және бір ақ доптан тұратын 13 доп жиынтығын пайдаланады. Бұл спорт түрі спортшылардан ептілік пен дәлдікті, тактикалық ойлауды, қозғалыс үйлесімділігін және төзімділікті де талап етеді.

Ата-ана – қолдаушы әрі сүйемелдеуші

– Бочча спортымен екі жарым жылдан бері айналысамын. Барлық жарыстарда

маған әжем Нұрманат Бөлекпаева қолдау көрсетіп, жанымнан табылады. 2023 жылдың желтоқсан айында Қазақстан кубогында жеңімпаз атандым, – дейді Абай облысынан келген спорт шебері Балжан Бөлекпаева.

Қол-аяқ қозғалысы шектеулі қатысушылар үшін арнайы құрылғылар – рампалар мен бағыттаушы науалар қарастырылған. Сондай-ақ, спортшының нұсқауы бойынша допты бағыттауға көмектесетін ассистент-операторлар жұмыс істейді.

– Бочча спортымен айналысқаныма төрт жылдан асты. Республикалық және халықаралық жарыстарға қатысқан

тәжірибем бар. Бұл – өзгеше спорт түрі. Ол мен секілді жандарға дамуға, мүмкіндігін көрсетуге жол ашады. Бұған дейін жүзуге бардым, алайда, бочча мен үшін өмірімнің мәніне айналды. Ендігі басты мақсатым – Паралимпиада ойындарына қатысу, – дейді Павлодар облысынан келген спорт шебері Александр Курмантаев.

Бұл спорт түрімен шұғылдану әлеуметтік ортаға араласуға, дене шынықтыруға деген қызығушылықты арттыруға, сөйлеу қабілетінде ерекшелігі бар адамдардың қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және ортақ қызығушылықтағы қауымдастықтардың қалыптасуына мүмкіндік береді.

– Мүмкіндігі шектеулі жандарға осындай спорт барына қуанамын. Ұлым екеуіміз екі жыл бойы Қазақстан құрамасының сапында болдық. Мақсатымыз – қайтадан ұлттық құрамаға өту. Бұл спортта ата-аналардың көбі балаларына

сүйемелдеуші ғана емес, төрешілік санаттарға да ие болды. Ойынның қыр-сырын толық меңгердік. Ұлым бұрын допты көбіне жоғары бағытта ойнайтын. Ал, біз кіретін BC2 санатындағы спортшылар үшін төмен бағытта ойнау өте маңызды. Мұны халықаралық жарыстарда түсіндік. Бұл санатта допты дәл орналастыру, итеру, көтеріп лақтыру секілді көптеген әдіс-тәсілдер бар. Қазір Қазақстанда бочча спорты дамып келеді, – дейді спортшының анасы әрі сүйемелдеушісі Ирина Курмантаева.

Таяу Шығыс пен Орталық Азия аймағында үш ірі турнир өтеді. Соның бірі – 1-8 маусым аралығында Астанада ұйымдастырылатын World Boccia Cup халықаралық жарысы. Былтыр Қазақстан спартакиадасында қарағандылық Игнат Галанин қола жүлдегер атанып, ұлттық құрама сапына енген.

– Жерлесіміз, халықаралық деңгейдегі Бахрейндегі турнирдің қола жүлдегері Анастасия Кутурман Қостанай облысынан келген қарсыласымен ойнағанда, әріптестерімізбен бірге жанқийер болдық. Алғашқы үш кезеңде ол дұрыс стратегия таңдап, есепте алда болды. Алайда, төртінші ойында сәл сәттілік жетпей, есе жіберді. Мамандардың айтуынша, тактиканы дұрыс құра алмады. Сол сәтте Анастасия ғана емес, біз де қатты толқыдық, көзімізге жас келді, – деп бөлісті көрермен Мардан Әлжан.

Осындай турнирлер жана буын спортшыларын ерекше спортқа қызықтырып, дәлдік, стратегия және жеңіске деген жігер басты рөл атқаратын бочча әлеміне жол ашады.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Қуғындалған құндылық

XX ғасырда ұлттың бас көтерер зиялылары ғана емес, ұлттық сананы жаңғыртуға қауқары жететін кітаптар да репрессияға ұшырады. Мәселен, 1975 жылы Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабына тыйым салынып, кітапхана сөрелерінен алынған еді. Бұл еңбек қудалауға ұшырағанымен, мыңдаған оқырманның қолына түсіп үлгерген. Осы «Аз и Я» кітабымен тағдырлас, отаршыл жұрттың идеологтары үрейлендірген «Көшпелілер эстетикасы. Ұлттық бірегейлік коды» кітабы 1976 жылы басылып шықты. Бірақ, баспа табалдырығынан сыртқы әлемге бір қадам да ұзамады. Мыңдаған тираж сол күйінде жойылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Не себепті жойылғанын топшылау қиын емес. Авторлар да қудаланды. Сол кітап 50 жылдан кейін қайта басылып шықты. Таныстырылымшы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінде өтті. М.Әуезов музей-үйінің директоры, филология ғылымдарының кандидаты Диар Қонаев Алматыдан арнайы келді. Философия ғылымдарының кандидаты Альмира Наурызбаева да құрметті меймандар қатарында.


Бұл кітапта 10 автордың ғылыми мақаласы топтастырылған. Атап айтқанда, Сәбит Ақатаевтың «Көшпенділер мәдениетінің спецификасы туралы», Мұрат Әуезовтің «Энциклопедия. Әлем бірлігі-көшпенділік және отырықшы болу проблемасына», Эльмира Шәкенованың «Әлемнің көркемдік дамуы», Едіге Тұр-



сыновтың «Көшпелі және көшпелі халықтардың эстетикалық тәжірибесінің бірлігі», Мирлан Қаратаевтың «Қазақ батырлық эпосындағы эстетикалық табиғат», Әсия Мұхамбетованың «Қазақ аспаптық мәдениетінің кейбір эстетикалық мәселелері», Болат Қарақұловтың «Халықтық мелостың эстетикалық ерекшелігі», Қанат Нұрланованың «Дәстүрлі өнердегі бейбітшілік символикасы», Бек Ибраевтың «Көшпенділер мәдениетіндегі кеңістіктік көріністер», Алан Медоевтың «Тас және көшпенділер эстетикасы» мақалалары топтастырылған.

Іс-шараның алғысөзін облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов айтты.

– Бұл кітаптың атауында да зор мағына жатыр. Себебі, көшпенділер өркениеті дегеніміз тек тарих пен салт-дәстүр емес, бұл – дүниені тану жолы, кеңістік сезім мәдениеті, табиғатпен егіз өмір



КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

сүру жолы. Авторлар дәстүрлі мәдениетті фольклорлық мұра ретінде ғана емес, тұтас өмір философиясы деп көрсеткен. Арада талай уақыт өтті. Бірақ, ұлттық сананы жаңғырту мәселесі әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Халық қашанда өзін-өзі тануға ұмтылады. Өзін танып, жаңғырған сана ғана өткен істі парасат таразысына салып, пайым жасайды. Сол себепті де, аталған жинақтың бүгінгі қоғам үшін маңызы зор, – деді Нұрлан Бикенов.

Диар Қонаев бұл кітап көшпенділер өркениетін зерттеу саласына тың тыныс беретінін атап өтті.

– Бұл кітаптың бір данасы Алматыдағы мемлекеттік университеттің кітапханасына табылды. Сол нұсқаға сүйене отырып, қайта басып шығардық. Бұл кітап кезінде Мұрат Әуезовтің бастамасымен жазылған еді. Мұрат Әуезов сол кезеңдегі талапты, талантты тұлғалардың басын бір мақсат жолында біріктіре алды. Мәселен, Болат Қарақұлов музыка семитологиясын зерттеп жүрген белді зерттеушілердің бірі еді. Осы салада еңбектенетін мамандар әлем бойынша санаулы болды. Олар музыканы математикалық әдістермен зерттеді. Бұл – сол кезеңдегі әлемдік музыкатану ғылымының ең күрделі әрі жана әдісі, – деді Диар Қонаев.

Сөз сөйлеген спикерлер жарты ғасырдан соң оқырманға жол тартқан кітап зерттеу жұмыстарының жаңа толқынына сеп боларына сенім білдірді. Алаштың айбоз ақыны, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлы «Қасқырдың монологы» өлеңін оқыды.

Сурет университеттің баспасөз қызметінен

• РЕСМИ

Мемлекеттік наградалар қатары толықты

Сенаттың жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Заң мақұлданды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Заңдағы басты жаңалық – мемлекеттік ордендер тізімінің жаңа наградалармен толықтырылуы. Атап айтқанда, «Al-Farabi», «Qoja Ahmet Yasaui» және «Мейірім» ордендері енгізіледі.

«Al-Farabi» ордені білім мен ғылым, мәдениет және рухани өмір салаларында Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбегі мен елеулі жетістіктері бар азаматтарға беріледі.

«Qoja Ahmet Yasaui» ордені Қазақстанның дамуына, мемлекеттілікті нығайтуға, қоғамдық-саяси, әлеуметтік, ағартушылық, мәдени және гуманитарлық салалардың өркендеуіне айрықша үлес қосқан отандық және шетелдік ғалымдарға, мемлекеттік және қоғам қайраткерлеріне табысталады. Бұл орден елдің тарихи-рухани сабақтастығын және түркі өркениеті кеңістігіндегі мәдени-гуманитарлық байланысты айшықтайды.

«Мейірім» ордені жоғары әлеуметтік жауапкершілік танытып, қайырымдылық, меценаттық және филантропиялық қызметке елеулі үлес қосқан азаматтарды марапаттауға арналған. Бұл бастама қоғамдағы жанашырлық, гуманизм және ортақ жауапкершілік құндылықтарын қолдауға бағытталған.

Құттықтау

Абыз ақсақалдарға – ел құрметі!



Ардақты ағайын! Ақтоғай өңірі қашанда елдің ынтымағы мен бірлігін сақтаған, парасатты қарияларын қадірлеген қасиетті мекен. Биыл ауданымыздың сыйлы да абыройлы азаматтары, ел ағалары – Тұрғанбек ТҮСПБАЕВ атамның 90 жасқа, Тұңғышбай МҰҚАН ақсақалымыздың 80 жасқа толуы – барша аудан жұртшылығы үшін үлкен мерейлі белес.



Сіздер саналы ғұмырларыңызды туған елдің өсіп-өркендеуіне, ұрпақ тәрбиесіне, халықтың бірлігі мен берекесін нығайтуға арнап келесіздер. Ұзақ жылдық еңбек жолдарыңыз, өмірлік тәжірибелеріңіз бен адамгершілік қасиеттеріңіз кейінгі буынға әрдайым өнеге болып қала береді.

Тұрғанбек аға, Сіздің тоқсан жылдық ғибратты ғұмырыңыз – ел тарихымен сабақтас тағлымды өмір. Көпшілік арасында абырой-беделге ие болып, ел ағасы атануыңыз – еңбегіңіздің жемісі.

Тұңғышбай аға, Сіздің де ел бірлігі жолындағы парасатты пікіріңіз, азаматтық болмысыңыз, жастарға көрсетіп жүрген қамқорлығыңыз – зор құрметке лайық.

Қадірлі ақсақалдар! Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға амандық, ұрпақтарыңыздың қызығын көруді тілейміз. Ел ағасы ретіндегі абыройларыңыз асқақтай берсін!

Мерейтойларыңыз құтты болсын!

Құрметпен: С.ДУЙСЕБЕКОВ, Т.АХМЕТБЕКОВ, Р.ӘБДІКЕРОВ, М.ТАТИБЕКОВ, М.ЖАРЫЛҒАП, Қ.ТЛЕУБЕРГЕНОВ, С.ӘБЕУОВА, Н.ОМАРХАНОВ, Р.КЕНЖЕБЕКОВ, А.АМАНЖОЛОВ, М.ОҢАРҚУЛОВ, Р.ӘБЕУОВ, С.СЫЗДЫКОВ, Ж.ШАРБЕКОВ.

• ДІН-ДІҢГЕК

Өзге дін өкілін құрметтеу – толеранттылықтың белгісі

Қазіргі жаһандану дәуірінде түрлі мәдениет пен дін өкілдерінің өзара байланысы бұрынғыдан да күшейе түсті. Осындай ортада қоғамның тұрақтылығы мен бірлігі ең алдымен адамдардың бір-біріне деген құрметіне байланысты. Ал өзге дін өкілін сыйлау – толеранттылықтың ең айқын көріністерінің бірі.

Толеранттылық – тек шымдамдылық емес, ол – өзгенің сенімін, дүниетанымын түсінуге және құрметтеуге дайын болу. Әр адамның жүрек қалауымен таңдалған діні бар. Бұл – оның жеке рухани кеңістігі. Сондықтан біреудің сеніміне құрметпен қарау – адамгершіліктің белгісі.

Алайда, толеранттылықты дұрыс түсіну маңызды. Ол өз діннен бас тарту немесе бәрін бірдей қабылдау дегенді білдірмейді. Керісінше, әркім өз сенімінде бола отырып, өзгеге құрметпен қарауы тиіс. Бұл – өркениетті қоғамның басты қағидаларының бірі.

Бүгінгі таңда жастардың санасына толеранттылық ұғымын сіңіру ерекше маңызды. Өйткені болашақ қоғамның келбеті – жас ұрпақтың қолында. Оларға өзара сыйластық, түсіністік және бейбіт қатар өмір сүру мәдениетін үйрету – ортақ міндет.

Төкелерін айтқанда, өзге дін өкілін құрметтеу – тек жеке адамның қасиеті емес, ол – тұтас қоғамның рухани деңгейін айқындайтын өлшем. Құрмет бар жерде – татулық бар, ал татулық бар жерде – тұрақты әрі жарқын болашақ бар.

Ж.БАҚЫТБЕК (kazislam.kz)

Қоғамды ізгілендірудің қолайлы тәсілі



Ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып есептелетін тәуелсіз, демократиялық, зайырлы, құқықтық әрі әлеуметтік мемлекет екендігіміздің айқын көрінісі – елімізде медиация институтының заңнамалық тұрғыда бекітілуі. Бұл қалам қоғамдағы татулық пен келісімді нығайтуға бағытталған маңызды бастамалардың бірі болды.

Медиация дегенде, ең алдымен, дауласушы тараптарды сотқа жеткізбей, өзара келісімге келтіру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, қоғамдағы береке-бірлікті сақтау мәселелеріне басымдылық беріледі. Дауды ушықтырмай, тиімді әрі бейбіт жолмен шешу – өркениетті қоғамның басты белгісінің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, медиация – уақыт пен қаражатты үнемдейтін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты сақтай отырып, әділ шешімге келуге мүмкіндік беретін тиімді құрал.

Елімізде медиация институтының құқықтық негізі 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданған «Медиация туралы» Заңмен қаланды. Бұл заң медиаторлардың қызметін реттеп қана қоймай, оларды даярлау, кәсіби деңгейін арттыру және медиация рәсімдерін жүргізу тәртібін айқындады. Соның нәтижесінде елімізде медиацияны дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар қолға алынды.

Медиация ұғымы біз үшін тың болғанымен, оның мазмұны қазақ халқының дәстүрімен біте қайнасақ. «Алдына келсе, атаңның құнын кеш» деген қағида ұстанған халқымыз қашанда кешірім мен мәмілеге басымдық берген. Би-шешендер институты – соның айқын дәлелі. «Тура биде тур жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген ұстаныммен әділ төрелік айтқан билер ел бірлігін сақтап, дауларды бітіммен шешудің үлгісін көрсетті. Бүгінгі медиация сол асыл дәстүрдің заманауи жалғасы деуге болады.

Қазіргі таңда кәсіби медиаторлармен қатар, қоғамдық меди-



Сурет: ЖМ

торлардың да рөлі артып келеді. Олар дау-дамайларды шешіп қана қоймай, қоғамда адамгершілік құндылықтарды насихаттап, жастарға тәлім-тәрбие беруде маңызды қызмет атқарады. Отбасы құндылықтарының дәріптеуі, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, көршілік қарым-қатынасты нығайту – медиацияның тәрбиелік мөнін айқындайтын негізгі бағыттар.

Медиацияның қолданылу аясы да кеңейіп келеді. Әсіресе, отбасылық медиация ажырасу, алимент өндіру, бала тәрбиесіне қатысты дауларды шешуде тиімділігін көрсетуде. Сонымен қатар, тұрмыстық жанжалдардың алдын алу, қоғамда диалог мәдениетін қалыптастыру бағытында да медиацияның маңызы зор.

Қарағанды қаласында да бұл бағытта нақты жұмыстар жүргізілуде. «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің тапсырысы аясында «Дау-дамайсыз қоғам: медиация дауларды реттеудің балама тәсілі ретінде» атты әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда. Жобаның «Zolotaya seredina-SM» қоғамдық бірлестігі іске асырып, бірқатар маңызды іс-шаралар ұйымдастыруда.

Аталған жоба шеңберінде Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан

ауданы сотының келісімімен аталған соттың ғимаратындағы медиатордың кеңсесінде кәсіби медиатор тұрақты түрде жұмыс істеп, аудан тұрғындарына медиация институты туралы кеңес береді және заңнама талаптарына сәйкес, тиісті істердің санаттары бойынша, Тараптардың келісімі болған жағдайда, медиативтік келісімдер жасайды. Бұл – медиацияның тиімділігін көрсететін нақты нәтижелердің бірі. Аталған тапсырыс негізінде, кәсіби медиатордың жұмысы тегін атқарылатынын айта кету қажет.

Сонымен бірге, 2026 жылдың соңына дейін мектептерде, қоғамдық орындарда ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, семинарлар өткізу жоспарланған. Бұл шаралар тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттырып, дау-дамайларды бейбіт жолмен шешу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы, азаматтық-құқықтық даулардың басым бөлігі медиация арқылы шешілуі мүмкін. Тіпті, кіші және орташа ауырлықтағы қылмыстық істерде де тараптардың татуласуына мүмкіндік бар. Әсіресе, жасөспірімдерге қатысты істерде медиацияны қолдану – олардың болашағына оң әсер ететін маңызды қадам.

«Zolotaya seredina-SM» қоғамдық бірлестігі тарапынан тұрақты

түрде жүзеге асырылатын медиативтік технологияларды оқыту курстары да үлкен сұранысқа ие. Бұл курстар адамдармен тиімді қарым-қатынас орнатуға, жанжалдарды басқаруға, келіссөз жүргізу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Әсіресе, басшылар мен ұжыммен жұмыс істейтін мамандар үшін бұл білімнің маңызы зор.

Бүгінгі таңда әлемдік ауалдың тез өзгеретіндігін, тұрақсыздығын ескерсек, қоғамның ішкі тұтастығы мызғымас берік болғанда ғана болашақты бағамдап, межелеген мақсатқа сеніммен ілгерілеуге қолымызды сенімді болуға болады. Демек, елімізде медиация институтын дамыту татулық пен тұрақтылықты одан әрі нығайтуға көзделі.

Елдің өркендеуі мен дамуына қоғамдағы татулық пен келісімді көздің қарашығындай сақтау арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Ендіше, ұлтымыздың толеранттылығының құпиясы – халқымыздың даналығы, төзімділігі мен сабырлылығын ұстана отырып, ынтымақтастық менталитетін қалыптастыруға атсалысу басты мақсат болуы тиіс.

Света ШАРДАРБЕКОВА, «Zolotaya seredina-SM» қоғамдық бірлестігінің басшысы

Бал бұлақтың көзін ашты

Осакаров ауданындағы Ақбұлақ ауылында жақында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасының аясында ауқымды экологиялық акция ұйымдастырылды. Жергілікті тұрғындар «Мөлдір бұлақ» акциясының барысында қатысушылар ауыл жанындағы байырғы бал бұлақтың көзін аршып, айналасын тазартып, абаттандыру жұмыстарын жүргізді.

сақалы Монғолбай қажы асарлатқан ағайынға ақ тілегін арнап, батасын берді.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген, аз ғана уақыт ішінде бұлақ көзі ашылып, айналасы тазартып, айтарлықтай көріктеніп қалды. Қатысушылар, сонымен қатар, осы маңатқа бірталай жас көшеттер отырғызды. Олардың күтімін келешекте ауыл тұрғындары өздері қадағалайтын болады.

Шара соңынан жергілікті өнерпаздардың күшімен ұйымдастырылған концерттік бағдарлама ауыл халқына мереке кезіндегі бір мұша тарту болды.

Табиғатты қорғау, аялау, қолдан келгенше қамқорлық жасау



– кімге болса да парыз. Туған жердің табиғатына келгенде бұл парыз тіптен еселене түспек. Сондықтан, «Мөлдір бұлақ» акциясы табиғатқа қамқорлықпен қатар, ел мен жерге деген сүйіспеншіліктің, ауызбіршіліктің бір көрінісі деп білеміз.

Осакаров ауданы

Table with 2 columns: KazTransOil and ЕСКЕРТУ. The table contains detailed information about the company's services, safety regulations, and contact details. The 'ЕСКЕРТУ' section lists various safety rules for passengers and cargo handling.

Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

Балуандардың бағына туған бапкер

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ағамыздың өмір жолы жас спортшылар үшін әрдайым үлгі болып қала бермек, – деді Жандос Максұтұлы.

Құрметті қонақтар қатарында КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Диханбай Дуржанұлының үзегілес досы Марат

ген. Жалпы, чемпионат сегіз салмақ категориясы бойынша өткен. Қарағанды облысының құрамасы жеті салмақ дәрежесінде 14 спортшымен бақ сынауда.

Айта кетерлігі, 100 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен жерлесіміз Ерқанат Молдағұлов бұл жолы Ұлттық құрама сапында белдесіп, тартысты бәсекеде жүдделі

жетістіктерінің нәтижесінде екеуі де «Спорт шебері» атағына қол жеткізді. Енді олар жыл соңында өтетін Әлем кубогында ел намысын қорғайды.

Ал, осы Азия кубогында Ержан Мұса тартысты белдесулер өткізіп, жоғары деңгейде өнер көрсетті. Алайда, жүлдеге бір табан жетпей, V орынмен аяқтады. Жалпы, ба-

жартылай жамбас әдісін сәтті қолданып, айласын асырды. Ал, үшінші айналымда Алматы облысының өкілі Аян Байғазыммен күш сынасып, қарсыласын таза жеңіспен ұтқан.

– Ақтық сында шымкенттік Ерсултан Мұсафаровқа есе жіберіп алдым. Қарсыласым жамбас әдісі арқылы ұпай еншіледі, жеңіске жетті. Бұған дейін де онымен бірнеше мәрте белдескенмін. Соңғы рет Қарағандыда өткен республикалық турнирде кездесіп, ол жолы мен чемпион атанған едім. Бұл жолы Азия чемпионатының финалында жолымыз қайта түйісті. Өкінішке қарай, сал босансып кеттім. Қарсыласымның әдісін дер кезінде аңғармай, қателік жібердім. Қазір алдағы Әлем кубогына дайындықты бастап кеттік. Арнайы оқу-жаттығу жиындары да өткен. Ендігі мақсат – дайындықты үдете түсіп, алдағы халықаралық додада жеңіс тұғырынан көріну, – деді Ерқанат Молдағұлов.

Дәл осы 100 келіге дейінгі салмақта тағы бір жерлесіміз Ақниет Оралов та жүдделі орынан көрінді.



Диханбай ағамыз – ұлттық спорттың дамуына сүбелі үлес қосып, артында өшпес өнеге қалдырған бірегей тұлға.



Жахит та сөз алып, мерейтой ісесіне асқарма тілегін арнады. Сондай-ақ, қазақ күресінен мемлекеттік деңгейдегі спорт қайраткері, мерейтой ісесінің ұлы Жеңіс Битқозов те іс-шараға қатысып, әке жолын жалғап келе жатқан ұрпақ ретінде жылы лебізін білдірді. Шараның құрметті меймандары қатарында халықаралық дәрежедегі спорт шебері, «Қазақстан барысы» турнирінің үш дүркін жеңімпазы Бейбіт Ыстыбаев пен дәл осы бәсі биік додада жеңімпаз атанған Ержан Шыңкеев те болды.

Турнирге әр мемлекеттен бір спортшыдан, сондай-ақ, еліміздің әр облысынан бір өкілден сыңа түсуде. Ал, жарысты қабылдаушы өңір ретінде Қарағанды облысына әр салмақ дәрежесінде екі спортшыдан қатыстыру мүмкіндігі беріл-

II орынды иеленді.

– Бұл байрақты бәсекеңіз ұйымдастырылып келе жатқанына биыл жеті жыл толып отыр. Алғашында Диханбай Битқозов атындағы «Сарыарқа батырлары» турнирі ретінде бастау алған еді. Бүгінде халықаралық деңгейге көтеріліп, үшінші мәрте Азия кубогы ретінде өтті. Жалпы, жыл басынан бері елімізде қатарынан үш мәрте республикалық турнир ұйымдастырылды. Сол турнирлерде топ жарған балуандарға осы Азия чемпионатына жолдама берілген. Алғашқысы қаңтар айында Астанада өтсе, екіншісі наурызда Түркістанда жалауын көтерді. Сол жарыстарда 55 келі салмақта белдескен Ержан Мұса мен 100 келіде күш сынаған Олжас Исханов топ жарып, Қазақстан кубогының жеңімпазы атанды. Осы

луандардың дайындығы көңіл қуантады. Үшінші айналымға дейін спортшыларымыз жарыс жолында сәтті өнер көрсетті, – деді Қарағанды облысының ересектер құрамасының аға жаттықтырушысы Мақсат Ахметбеков.

100 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бәсіне шыққан Ерқанат Молдағұловтың салмағында 30 спортшы жүлдеге таласқан. Жерлесіміз финалға дейін үш бірдей кездесуде қарсыласынан басым түсіп, шешуші кезеңге жолдама алған еді. Алайда, ақтық сында жеңіске бір қадам жетпей, турнирдің күміс жүлдесін қанағат тұтты.

Жерлесіміз алғашқы белдесуінде Қытай спортшысымен кездесіп, қарсыласын үш ескерту арқылы жеңген. Одан кейін елордалық Мейірман Исламшайықовпен белдесіп,

Талай байрақты бәсекеде топ жарып жүрген жас балуан бұл жолы да өз шеберлігін дәлелдеп, Азия чемпионатының қола жүлдесін иеленді. Жарыс барысында ол төрт бірдей қарсыласын белдескен. Алғашқы айналымда қырғыз спортшысымен, екінші белдесуінде ақтөбелік балуанмен кездесіп, негізгі уақытта тең нәтиже тіркеген. Ал, үшінші белдесуінде осы салмақта чемпион атанған Ерсултан Мұсафаровқа есе жіберді. Қола жүлде үшін өткен шешуші белдесуде Қазақстан құрамасы сапында өнер көрсеткен жамбылдық Айдар Бескемпірман кездесіп, қарсыласын үш ескерту арқылы жеңді.

– Алғашқы екі қарсыласым да – өте мықты балуандар. Екеуімен де негізгі уақытта тең түстім. Турнир ережесіне сәйкес, мұндай жағдайда спортшылар салмақ өлшеуге түседі. Яғни, кімнің салмағы жеңіл болса, жеңіс сол балуанға беріледі. Қырғызстандық қарсыласым менен 1,5 келіге ауыр болса, ақтөбелік Ерасыл Амангелдінің салмағы менен екі келіге ауыр болды. Жалпы, Ерасылмен бала кезден бері қарылас болып, осы уақытқа дейін төрт мәрте кездесіппіз. Соңғы рет бұлтыр Қостанайда өткен 23 жасқа дейінгі Қазақстан чемпионатында белдескен едік. Ол кезде финал жолдамасы сарапта салынған белдесуде жеңіліп қалғаным. Бұл жолы есемді қайта-қайта, басым түстім. Алдағы мақсат – Шығыс Қазақстанда өтетін Қазақстан кубогында топ жарып, Әлем кубогына жолдама алу. Қазір барлық назарды сол жарысқа аударып, дайындықты күшейтіп жатырмыз, – деді Ақниет Оралов.

Турнир қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерге және бапкерлеріне ақпалай сыйлықтар табысталды.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• ПРЕМЬЕРА

Алдарға тағы алданып қалдық па?

Көпшілік мәдениет сарайының «Сарыжайлау» кинозалында «Алдар. Махаббат туралы аңыз» көркем фильмінің салтанатты премьерасы өтті. Кинозалда ине шаншар орын болмады. Екі сағаттан асатын фильмді отыратын орын таппай, аяғынан тік тұрып тамашалаған жастардың қарасы қалың болды. Мұндай анишлагқа бірнеше себеп бар деп түсіндік. Біріншіден – премьерға кіру тегін, екіншіден – жаңа киноның жер жарған жарнамасы, үшіншіден – актерлік құрамның арнайы қонақ болып келуі. Атап айтсақ, отандық киноөндірістің бүгінгі жарық жұлдызы, фильмінің продюсері және Алдардың ролін сомдаған Дәурен Серғазин, актер Әділ Ахметов қарағандылық көрерменмен кездесті. Бұл фильмді біз де тамашаладық. Тамашалап отырып, біршама олықтықты да, артықшылықты да аңдадық. Айтатын бірер сынымыз да бар. Сын сөзді де айтуға құқылымыз деп ойлаймыз. Өйткені, кино жас ұрпақты тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі болып тұр.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Назар аударатын ең негізгі мәселе – киноның тілі. Бір эпизодта қалмаққа қарсы қол жиган батырлар Қадыр ханның алдына келіп, «Хан, сізбен бірге жауға қарсы соғысу – біз үшін сын» дейді. Бұл тұста «біз үшін мәртебе» деген сөз айтылуы тиіс еді. «Сіз қол бастағанда, қолдай алмасам, бізге сын» десе, орынды. Құлаққа түрпеді тигені – осы. Бұдан басқа да бір қайнауы кем диалогтар баршылық.

Екінші бір эпизодта қалмақтың қолбасшысы тұтқынға түскен қазақ сардарымен ұғысу үшін қазақшаға тіл сындырады. Тіл сындыруда өзбекше акцент айқын білінеді. Көрсетілімнен кейін Әділ Ахметовпен сөйлескенде, бұл көне шағатай тілі екенін білдік. Дегенмен, залда отырып, көрермен арасында бір-біріне «мынау өзбекше сөйлеп отыр ма?» деген сауалдарды қойып жатқанын құлағымыз шалып қалды. Бұл өзегі аңыз болған көркем туынды болғандықтан, бұндай сауалдар, түсініспеушілік туындатар себептердің болмауына басымдық бергені абзалырақ еді деген ой келді.

Фильмнен Алдарды көре алмадық. Алдар екінші планға кетіп қалғандай әсер қалды. Қобане хан ұлы мен қалмақ қызының махаббатына назар ауып кетті. Алдардың айлакерлігі мен тапқырлығы қай эпизодтарда ашылады екен деп, жүзтеңдедік те қалдық.

Содан кейін, Қадыр хан әлдебір мәселелер бойынша бәйбішесімен сөз таластырады. Бұл тұста қазақ архетиптің санасындағы ханның биігі аласарып кетті десек те болады.

Бұл фильмге 600 миллион теңгеге жуық қаражат жұмсалыпты. Премьерасына көрерменнің ынтығуы да заңдылық. Өйткені, бүгінгі жұрт халық ауыз әдебиетінен бастау алатын туындыларға

зәру. Оның үстіне, Алдар көсе туралы аңызды тұтас ұрпақ бала кезінен бері оқып, тыңдап келеді.

Бір ғасырдың ішінде кино саласында телегей жетістікке жетіп, әлем көрермендерін баурап алған Еуропаға қарайықшы. Көне Грек мифологиясындағы жартылай ат, жартылай адам денелі кентаврлар туралы гажайып картиналар түсірілді. Кинорежиссерлердің ізденісі мен табандылығы, тапқырлығы азиялық мифтерден классика жасай алды. Құлаққа түрпеді тигені – осы. Кинолар арқылы кентавр Еуропа халықтарының мифі болып шыға келді. Бұлайша айтқанда, кино өнері арқылы патенттеп алды. Кентавр – дархан Азияны мекендеген сақ пен гүлдің жауынгерлері еді. Гераклдан бөлек Олимп патшасы Зефе, жер асты құдайы Аид, су құдайы Посейдон секілді мифтерді киноға айналдырып тастаған. Сол арқылы өздерінің болмысы мен мәдениетінің іргетасын үйінділердің арасынан алып шықты, жаңаша жаңғыртты. Еуропаның мифологиялық картиналарында айдаһарлар күзететін, Ясон бастаған аргонавттар басын бойгеге тігіп, сонау Эллададан Колхидаға, Кавказға іздеп келетін «Алтын тері» («Золотое руно») бар. Бұл – сақтар даласындағы алтын тамырлы өзендердің болмауына басымдық бергені абзалырақ еді деген ой келді.

Түйіндей айтқанда, бүгінгі көрермен мифологиядан тамыр тартқан сюжеттен құралған сапалы фильмдерге зәру. Зәру болуы да заңды. Өйткені, халықтың аңыздары оның архетиптік санасында сақталады. Үрленген шоктың лап еткені секілді, ұлттық жадыдағы белгілі бір символдар да жаңғырады. Сол себепті де заманауи көзқарастармен, режиссерлік шешімдермен түсірілген мифологиялық фильмдерге қашанда сұраныс жоғары. «Алдар. Махаббат туралы аңыз» фильмі отандық киноөндірістің белгілі бір деңгейдегі жетістігі деп есептейміз. Халықтың көптен күткен премьерасы. Сол себепті де, жанашырлықпен бірер сын сөз айттық деп қабылдасыз, құрметті оқырман.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ
Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☒

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР000030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК КСЗБЖЗКХ БИН 000840001412

Таралымы 4 081
№51 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жамал СОВЕТҒЫЗЫ**